

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТІЛДЕР МЕРЕКЕСІ



2018 жылғы ҚР Үкіметінің Қаулысымен Қазақстан халықтары Тілдер мерекесі 5 қыркүйек – қазақ тілі білімінің негізін салушы, ғалым-зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлының туылған күніне сай аталып өтеді. А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің Жалпыбілімдік пәндер бөлімінде осы мерекеге орай 5-18 қыркүйек аралығында «Тілдің мерейі – елдің мерейі» атты туған тілге, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыратын іс-шаралар өткізілді.



Бұл шараларға Тілдер бірлестіктері және Қоғамдық пәндер мен факультатив оқытушылары белсене қатысты. Олар жар газеттерінің көрмесін ұйымдастырып, халықтар достығы мен тілдері туралы мақал-мәтелдер шығарды. Топтарда «Тіл – халық байлығы» тақырыбында сынып сағаттары өткізіліп, тіл шеберлері зияткерлік ойындарда өз өнерлерін көрсетті.



Әрбір білім алушы қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілдерімен қатар, басқа да тілдерде өз білімдерін танытуға мүмкіндік болды.

